

Г.А. Садыханова¹, Г.К. Иляшова*¹

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

*E-mail: july.gk1977@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ДАМУ СИПАТЫ

Халықты жұмыспен қамту аясында болып жатқан барлық үдерістер жүйелілікті, нарықтық жағдайда жұмыспен қамтудың дамуына бағытталған шараларды ой елегінен өткізуді және тиісті шаралар жасауды қажет етеді. Бұл шаралар, бір жағынан, елдің экономикалық дамуын, екінші жағынан, халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуі керек. Бүгінгі таңдағы нарықтық экономиканы құруға байланысты Қазақстан Республикасы экономикалық қатынастар жүйесінің өзгеруі, айтып өткеніміздей, жұмыспен қамту аясының өзгерістерінің нәтижесінде жұмыспен қамтудың жаңа, бүгінгі күнге икемді формалары пайда бола бастады, соның бірі – халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы, оның аймақтық ерекшеліктері, теорияда әлі толық жеткілікті түрде анықталып түсіндірілмегені мақала өзектелігін айқындай түседі. Нарықтық экономикада өзбеттілікке, демократияға байланысты адамдар, Үкіметке жалтақтамай, өз қабілетін дамытып, кәсіпкерлікпен айналысып табыс көздерін көбейтуде, міне осы тұста еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық тобы қалыптасқан. Мақалада қазақстандық еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың негізгі маңызды тұстары қарастырылған.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, экономикалық белсенді халық, жұмысбастылық, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, кәсіпкерлік іс-әрекет.

G.A. Sadykhanova, G.K. Ilyashova

The development of self-employment in Kazakhstan

All dynamic processes in the employment sector of the Kazakhstan labor market requires reassessment and revision of the structure of employment and the adoption of appropriate measures to foster employment, including self-employment in a market economy. These measures should ensure economic development of the country and at the same time to some extent, social protection of the population. In modern conditions, i.e. in the light of market economy development, economic relations, activities of the employed population in the Republic of Kazakhstan has created new types of employment or has a new flexible forms of employment, of employment of people in the economic environment of the country. And one of these forms of employment – this self-employment. The phenomenon of self-employment and its lack of theoretical research, regional feature development actualizes the content of the article. In a market economy, people adapt to the democratization, autonomy, and accordingly develop their abilities by engaging in the field of entrepreneurship looking for sources of income in this area was born the self-employed. The article describes the main directions of development of self-employment in the Kazakh labour market.

Key words: the labour market, economically active population, employment, self-employed, entrepreneurial activity.

Г.А. Садыханова, Г.К. Иляшова

Развитие самостоятельной занятости в Казахстане

Все динамические процессы в сфере занятости казахстанского рынка труда требуют переосмысления, пересмотрения структуры занятости и принятия соответствующих мер для развития занятости, в том числе самозанятости в условиях рыночной экономики. Эти меры должны обеспечивать экономическое развитие страны и одновременно в какой-то степени социальную защи-

ценность населения. В современных условиях, т.е. в свете развития рыночной экономики экономические отношения, активности и деятельности занятого населения в Республике Казахстан породили новые виды занятости или же появились новые гибкие формы занятости, трудовой деятельности людей в экономической среде страны. И одна из таких форм занятости – эта самостоятельная занятость населения. Сам феномен самозанятость и его недостаточное теоретическое исследование, региональная особенность развития актуализируют содержание статьи. В рыночной экономике люди адаптируются к демократизации, самостоятельности, и соответственно, развивают свои способности, вовлекаясь в сферу предпринимательства, ищут источники дохода, и в этой сфере и зародилась самозанятость населения. В статье рассмотрены основные направления развития самозанятости населения на казахстанском рынке труда.

Ключевые слова: рынок труда, экономически активное население, занятость, самостоятельно занятые, предпринимательская деятельность.

Кіріспе

Өзін-өзі жұмыспен қамту туралы ең алғаш қайта құру кезеңінде, яғни өтпелі экономика кезінде айтыла бастаған. Ол кезде өзін-өзі жұмыспен қамту деген заңдық тұрғыда мойындалмаған, тіпті оны қылмыс деп те таныған. Ал нарықтық экономиканың өмірімізге етене енуі және отандық экономиканың нарықтық экономикаға толық өтуі осы өзін-өзі жұмыспен қамтудың қарқынды дамуына нақты ықпал етті.

Ал бүгінде бұл нан тауып жеудің бір тәсілі ғана емес, сондай-ақ адамдардың еңбек етуде дербестікке ұмтылудың, жұмысты өз алдына ұйымдастырудың амал-тәсілі болып отыр және ол жұмыс күшінің толық әрі тиімді жүзеге асуының әдісі болып отыр, сонымен қатар кәсіпкерлік және шығармашыл әлеуетті жүзеге асырудың да бір тәсіліне айналған.

Өзін-өзі жұмыспен қамту жұмысбастылықтың бір түрі: дербестік, өзі ұйымдастырушы, яғни өз бетінше іздену, еңбек іс-әрекетінің түрін өз бетінше анықтау және ұйымдастыру; өзін-өзі жұмыспен қамтушы ұйымдастырушы болып табылатын іс-әрекет түрінің өндірістік-коммерциялық сипаты; өзін-өзі жұмыспен қамтудың нәтижесінде болатын табыстың еңбектік сипаты (ақшалай немесе натуралды түрінде); осы критерийлерге қарай өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға жеке еңбекті пайдаланатын және өндіріс факторларына жеке дара меншік ету жағдайында, табыс алу мақсатында өндірістік-коммерциялық іс-әрекетті ұйымдастырушы өз бетінше дербес шаруашылық жүргізуші субъектілер жатқызылады; экономиканың деңгейіне байланысты (нанодеңгей, микродеңгей), шаруашылық жүргізу саласына қарай (тұрмыстық және іскерлік қызметтер сферасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, құрылыста, ауыл шаруашылығында, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде, саудада); меншік нысанына қарай (өнді-

ріс факторларына жеке (индивидуалды) меншік, жанұя шегіндегі біріккен жалпы ортақ меншік, кооперативтік меншік) өзін-өзі жұмыспен қамту нысандары.

Өзін-өзі жұмыспен қамтуға экономикалық категория ретінде жұмыс орнын жасау қатынастары, өзінің ісін ұйымдастыру кіреді, яғни ол деген инициативті жаңашылдық іс-әрекет деген сөз, өйткені өзін-өзі жұмыспен қамтуға кәсіпкерліктің белгілері тән, олай болатын болса өзін-өзі жұмыспен қамтуды кәсіпкерліктің бір нысаны деп қарастыруға негіз бар.

Эксперименталдық бөлім. «Халықты жұмыспен қамту» туралы ҚР №149-ІІ 2001 жылдың 23 қаңтарындағы (07.11.2014 ж. толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) Заңында «өзін-өзі жұмыспен қамтушылар – табыс алу үшін жеке (индивидуалды түрде) тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірісімен (өткізумен) айналысатын, соның ішінде жеке тұтыну үшін, жеке тұлғалар, өндірістік кооператив мүшелері, жанұялық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмыскерлері және жалдамалы жұмыс күшінің еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілер деп табылған еді.

«Жұмысбастылық-2020» бағдарламасының шегінде Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі ол терминге мынандай түсінік береді: «өзін-өзі жұмыспен қамту – жеке тұтыну табыстың бір бөлігі деп қарастырылатын, сыйақы мөлшері тауарлар мен қызметтердің өндірісінен алынатын табысқа тікелей байланысты болатын жұмысбастылық».

Ресейде танымал оқу құралы «Еңбек нарығы және халықтар табысы» деген еңбектің авторы ресейлік ғалым Н.А. Волгин, өзін-өзі жұмыспен қамтуды «адам өзіне белгілі бір түрін анықтап алатын, нәтижелері өзінің лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін еңбек үдерісін ұйымдастыратын экономикалық іс-әрекет түрі деп қарастырады» [1].

Жұмыспен қамту проблемасы мен рыноктық қатынастарға өтуді оқып-үйренуде қазақстандық (отандық) экономистердің үлесі өте зор: Я.Ә. Әубәкіров, Т.А. Әшімбаева, А.К. Қошанов, Д.К. Қабдиев, М.Б. Кенжегузин, К.Н. Нәрібаев, Ө.Қ. Шеденов, Т.И. Мұхамбетов, Е.Б. Жатқанбаев, С.Н. Нысанбаев, А.С. Сатыбалды, К.А. Ибрагимова, М.К. Мельдеханова, С.К. Джумамбаев және т.б. көптеген ғалымдар.

Зерттеудің методологиялық негізі диалектикалық таным әдісі болып табылады. Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістермен (талдау, синтез, дедукция, жіктеу, жүйелік көзқарас) қатар арнайы да әдістер қолданылды (статистикалық әдіс).

Нәтижелер мен талқылау. Еңбек нарығы – бұл халықтың жұмысбастылығын, оның құрылымы мен сипатын, жұмысбастылық динамикасын көрсететін экономикалық түсінік. Еңбек нарығы, бір жағынан жұмыс беруші, ал екінші жағынан жұмыс алушы, яғни жалдамалы жұмысшылар өзара әрекеттесетін жүйе ретінде

жүреді. Өз кезегінде оның жүйе ретіндегі негізгі элементтері жұмысшы күшіне сұраныс және жұмысшы күшінің ұсынысы болып табылады.

Жұмысшыларға деген сұраныс жұмысшы күшіне жұмыс берушілердің қажеттілігімен анықталады. Ал жұмысшы күшінің ұсынысы жұмысқа орналасқысы келетін тұлғалардың жынысы, жасы, білімі, кәсіби-біліктілік құрамы бойынша саны мен құрамына байланысты болады. Егер де еңбек нарығындағы ұсыныс жайында айтатын болсақ, бүгінгі күнде елдегі халық саны ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметі бойынша 17 926,5 мың адамды (2017 жылғы 1 қаңтарға) құрайды деп білеміз, ал оның экономикалық белсенді халық бөлігі – 8,5 миллион адамды құрайды.

Осы еңбек ресурстарының саны экономиканың жоспарланатын өсу қарқынын қолдау үшін жеткілікті деген тікелей статистика жоқ, өйткені жағдай экономиканың салалары мен өңірлеріне байланысты өзгеріп отырады.



1-сурет – Жұмыс күшінің құрамы

Қазіргі кезеңдерде әлемнің көптеген елдерінде халықтың жұмысбастылығы мен жұмыссыздығы туралы мәліметтерді құрған кезде еңбек нарығында іріктеп, таңдау әдісін жиі қолданады, яғни ол халыққа сауалдар қою арқылы жүргізіледі, сондай-ақ бұл әдіс Халықаралық еңбек ұйымының критерийлеріне сай экономикалық іс-әрекетпен айналысатын, жұмыссыздар және экономикалық белсенді емес тұлғалардың әрекетін өлшеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда халықтың жұмысбастылығын зерттеу 2001 жылдан бастап квартал сайын жүргізіледі (жылына 4 рет), оның барысында 15 жас және одан ересек жастағы адамдардың 75 мыңға жуығы статистикалық зерттеуде

қамтылады. Зерттеу кезінде елдің барлық өңірлері қамтылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің қолданатын еңбек нарығының негізгі индикаторларын есепке алу методологиясы, өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың санын қосқанда, Халықаралық еңбек ұйымының халықаралық стандарттарына сай келеді.

Жұмысбастылық мәртебесінің халықаралық жіктемесіне сай (ICSE-1993) жұмысбастылар жалдамалы (ақы төленетін) жұмысшылар және өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға бөлінеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың құрылымы статистикалық мәліметтерде ҚР Статис-

тика жөніндегі агенттіктің №3 10.01.2013 ж. бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың санын, олардың орта айлық табыстарының деңгейі мен жұмыссыз халық

санын анықтау әдістемесіне» сай анықталады [2]. Осы аталған Әдістемеге сәйкес Қазақстанда барлық өзін-өзі жұмыспен қамтушы тұлғалар 2 топқа бөлінген: өнімді жұмысбастылар және өнімсіз жұмысбастылар (1-кесте).

1-кесте – Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың топтары

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар	
Өнімді жұмысбастылар:	Өнімсіз жұмысбастылар:
Жұмысберушілер;	Жеке дара (индивидуалды) негізде (тіркелген және тіркелмегендердің қатарынан емес)
Жеке дара (индивидуалды) негізде (тіркелген және белсенді әрекет етуші), ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен жоғары табысы бар;	Жеке өзі тұтыну үшін өнімдерді өндіруде жеке қосалқы шаруашылықта;
Сату үшін (айырбасқа) өнімдерді өндіруде жеке қосалқы шаруашылықта ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен жоғары табысы бар;	Жанұялық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмысшылары;
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен жоғары табысы бар кооператив мүшелері	Жеке дара (индивидуалды) негізде (тіркелген және белсенді әрекет етуші), ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен төмен табысты;
	Сату үшін (айырбасқа) өнімдерді өндіруде жеке қосалқы шаруашылықта ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен төмен табысты;
	Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен төмен табысты кооператив мүшелері;

Осы кестеге сәйкес негізгі түсініктерге мынандай анықтама беруге болады:

Жұмысберушілерге қандай да бір экономикалық іс-әрекеттің түрінде кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын және бір немесе бірнеше жұмысшылардың жалдамалы еңбегін тұрақты негізде пайдаланатын тұлғалар жатады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар – бұл қандай да бір экономикалық іс-әрекетпен айналысатын және тұрақты негізде жалдамалы жұмысшыларды жалдамайтын тұлғалар.

Жанұялық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмысшылары – бұл өздерінің сый, марапаттарын жалақы түрінде емес, ішкі жанұялық пайданы бөлу негізінде алатын жанұялық фирмалардың жұмысшылары.

Кооператив мүшелеріне, кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын еңбек кооперативінің мүшелері болып танылатын тұлғалар жатады.

Табыс алу үшін және жеке өзі тұтыну үшін өндіруді қоса алғанда, тауарлар мен қызметтерді өндірумен (сатумен) жеке дара айналысатын тұлғаларға мыналар жатады:

Кәсіпорынды заңды тұлға ретінде тіркемей, жалдамалы жұмысшыларсыз немесе жалдамалы жұмысшылары бар жеке өзінің кәсіпорындарында, фермерлік шаруашылықта жұмыс істейтін тұлғалар;

Іс-әрекетті тіркеу арқылы немесе тіркемей, жалдамалы жұмысшыларсыз немесе жалдамалы жұмысшылармен заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын тұлғалар;

Орман, ауыл шаруашылығы, аңшылық, балық аулау өнімдерін сату үшін өндіретін үй шаруашылығында айналысатын тұлғалар;

Өнеркәсіптік тауарларды және қызметтерді сату үшін өндіретін үй шаруашылығында айналысатын тұлғалар;

Сонымен, 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы бойынша *өзін-өзі жұмыспен қамтығандар* – табыс алу үшін тауарлар өндірумен (өткізумен), жұмыстар мен қызметтер көрсетумен дара айналысатындар, өндірістік кооперативтер мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдалану-

шы жұмыс берушілердің еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері қатарындағы жеке тұлғалар болып табылады.

Жалпы XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы өтпелі экономикада басымыздан өткен *экономикалық дағдарыс*, жұмысбастылық мәселесін күрделендіре түсті, сондықтан да өзін-өзі жұмыспен қамтушы халықтың әлеуетін, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, Қазақстанның ішкі экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешу үшін өзін-өзі жұмыспен қамтудың жаңа нысандары мен түрлеріне бағдарлана отырып пайдалану өте пайдалы болып табылады. Нарықтық жағдайларда халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы, елдегі іскерлік белсенділікті дамыту деңгейін сипаттайтын құбылыс болып табылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың, көптеген елдерде мемлекет жұмыс істегісі келетін халықты жұмыспен қамти алмауы жағдайында тартымдылығы арта түсуде. Ол адамдарға мемлекет тарапынан көмек тек жұмысбастылыққа ықпал ететін белсенді саясат жүргізу кезінде мүмкін болады.

Нарықтық жағдайлардағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы – бұл нарықтық қатынастарға тән элемент және оның бұлтартпас үдерісі болып табылады. Жеке сектордағы іскерлік белсенділіктің қауырттылығы және табыс алуға деген қызығушылық, әрбір еңбекке жарамды халық үшін жауапкершілік дегеннің барлығы нарықтық қоғамда үлкен мәнге ие. Өйткені өзін-өзі жұмыспен қамту бүгінгі күнде көптеген дамыған және дамушы елдерде объективті құбылыс болып табылады. Сол үшін де экономиканы дамыту үшін іскерлік белсенділік пен жұмысбастылықты ынталандыруға бізге жаңа бастамалар керек.

Қорытынды

Сонымен өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесіне деген қызығушылық бірнеше жағдайларға байланысты болып отыр. Біріншіден, жаһандық экономика жағдайында айтарлықтай жаңа тех-

ника және технология пайда болуда, олардың шағын түрде шығарылуы, кейбір материалдар арзандауда, мәліметтер банкісіне қол жеткізуді, жабдықтаушылармен клиенттермен байланыс орнатуды жеңілдететін коммуникацияның және байланыс құралдарының дамуы жеделдеуде.

Екіншіден, жұмыспен қамтылған азаматтардың демографиялық құрылымы өзгеруде, атап айтқанда: жұмыс істемейтін әйел адамдардың үлесі өсуде, осы ретте олардың жалдамалы персонал ретінде және шағын немесе орта фирманың негізін қалаушы ретінде өз бетінше жұмыспен қамтылуда үлкен жетістікке жетуі мүмкін.

Үшіншіден, қызмет көрсету аясының кеңеюі үлкен мәнге ие болуда, өйткені ол өз бетінше жұмыспен қамтылу үшін өте тартымды болып келеді, оның ішінде мысалы, аудиторлыққа, экономикалық, салықтық, құқықтық мәселелер жөнінде кеңес берушілікке деген қажеттілік өсуде. Мұндай қызметтер аса күрделілігімен ерекшеленеді және де атқарушының жоғары біліктілікті болуын талап етеді. Ондай адамдарды жұмысқа штаттық қызметкер ретінде алу, сәйкесінше фирмамен келісім шарт жасауға қарағанда анағұрлым қымбатқа түседі.

Төртіншіден, өз бетінше жұмыспен қамтылудың рөлі халықтың қажеттілігінің құрылымындағы болған өзгерістермен байланысты болып отыр. Негізгі қажеттіліктер жалпы толысқан, өз бетінше адамдардың білімі, табыстары өсуде, өндірістің мүмкіндіктері де кеңеюде, осының бір көрінісі ретінде сұраныс дифференциациясы жүреді, оның стандарттан ауытқуы, тұтынушылардың кішігірім кәсіпорындардың ұсынатын жалпы көпшіліктік өнімдерден жекедара бұйымдарға көңіл аударулары орын алуда. Экономиканың мемлекеттік және ірі масштабты секторлары көп жағдайда қозғалыссыз, ірі икемсіз болып келеді. Өз бетінше жұмыспен қамту экономикада, жылдам өзгеріп жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыруда үлкен икемділікті қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

- 1 Рынок труда и доходы населения / под ред. Н.А. Волгина: учебное пособие. – М.: Информационно-издательский дом «Филинъ», 1999. – 280 с.
- 2 Нурмагамбетов А.М. Рынок труда: правовые проблемы и перспективы/ А.М. Нурмагамбетов. – Алматы: ТОО «Баспа», 2014. – 263 с.
- 3 www.zakon.kz «Халықты жұмыспен қамту» туралы ҚР №149-ІІ 2001 жылдың 23 қаңтарындағы (07.11.2014 ж. толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) Заңы

- 4 G-Global: Калкабаева А.Е. Исследование рынка труда и занятости Республики Казахстан.
- 5 Официальный сайт Комитета Статистики Республики Казахстан – stat.gov.kz

References

- 1 Rynok truda i dohody naseleniya /Pod red. N.A. Volgina. Ushebnoe posobie. – М.: Informazionno-izdatelskii dom «Filinь», 1999. – 280 с.
- 2 Nurmagambetov A.M. Rynok truda: pravovie problemy i perspektivy/ Nurmagambetov A.M.-Almaty: TOO «Baspa», 2014-263с.
- 3 www.zakon.kz «Halykty zhumyspen hamtu» turaly HR №149-II 2001 zhyldyn 23 hantaryndagy (07.11.2014 zh. Tolyktyrular men ozgeryster engyzylgен) Zany
- 4 G-Global: A.E.Kalkabava Issledovanie rynka truda и занятости Respubliki Kazahstan
- 5 Ofizialniy сайr Komiteta Statistiki Respubliki Kazahstan – stat.gov.kz